

**«Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

Өткізілген күні: 24.10.2020

Қатысқандар: 43

**Күнтәртібі:**

1. 2020-2021 оқу жылының I тоқсанында білім беру ұйымдарын ұстауға бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау қажеттілігін хабарлау. Мектеп директоры Т.К.Ахаев
2. Әртүрлі мәселелер.

**1. Тыңдалды:**

1. Мектеп директоры Т.К.Ахаев: 2020-2021 оқу жылының I тоқсанында мектептен 30000 / отыз мың/ теңге антисептик 1500 тгден 20 литр алуға жұмсалды, 60000 / алпыс мың/ теңге тепловизор алуға жұмсалды. Жаз мезгілінде мектебімізге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ол жұмыстарға 21 млн көлемінде қаражат жұмсалды, мектепке 98 терезе, 26 есік / ішкі есіктер саны 21, сыртқа есіктер саны 5/, 585 м<sup>2</sup> 1-ші және 2-ші қабат дәлізіне керамогранит кафелі төселді, 114 м<sup>2</sup> спорт залы спорттық төсеме төселді. 4 млн 400 мың теңге көлемінде химия кабинеті жабдықтары алынды, 5 шкафы, 12 парта, 24 орындығы және құрал-жабдықтары бар.
2. Мектеп ұжымы мен мектеп оқушыларымен барлық санитарлық талаптар қатаң сақталады. Оқу жылының басында қамқоршылық кеңесінің мүшелері қайта сайланып, сабақ кестесі қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісілді түрде құрылып отыр, санитарлық талаптарға сай 5-11 сынып оқушылары факультатив сабақтарына сенбі күні қатысуға тура келіп тұр.
3. Мектепте ауыз су мәселесі мен маскалық режим туралы сынып жетекшілер сіздермен де, оқушылармен де күнделікті жұмыстар атқарады. Балалар мектепке өздері ішетін суларын өздері әкеледі деп шешілген. Әрине қазіргі уақытта мектептен ыстық тамақпен қамтылу қарастырылмағандықтан, балалардың дұрыс, уақытылы тамақтануын қатаң қадағалаңыздар. Оқушылардың сабақ үлгерімдері жайлы сынып жетекшілер өздеріңізбен қосымша жұмыстар атқарады.

## 2. Сөйлегендер:

1. С.К.Алимбаева, көпбалалы ата-ана. Мектептің күрделі жұмысы көңілімізден шықты. Мектеп жарық, жылы екенін білеміз. Балалардың сапалы білім алуына жағдайлар жасалған. Асхананың жұмыс жасамай тұрғаны болмаса, көңіліміз тоқ. Балаларымыз жылы дәретхана барады, далаға тоңып шығып жүрген жоқ. Бала тәрбиесінде қосып жатқан еңбектеріңіз ерен, еңбектеріңіз әрқашан бағалана берсін. Өзімнің балам жас маман болып келіп жатыр мектепке ризашылығымыз болмаса, мектепке, мектеп ұжымына еш ренішіміз жоқ.

## 3. Қаулы етті:

1. 2020-2021 оқу жылының I тоқсанына жұмсалған қаражат көлемімен басқа да ата-аналарды таныстырылсын.
2. Санитарлық талаптарды қатаң сақталуы жалғастырылсын.
3. Ата-аналар балалардың дұрыс тамақтануын, сабақ үлгерімдерін қадағаласын.

Төраға  (Т.К.Ахаев)

Хатшы  (Б.Т.Ахметова)